**Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 мамырдағы N 1363 Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың қызметін одан әрі жетілдіру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай актілеріне өзгерістер енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Президентінің 29.08.2016 № 312 Жарлығымен;

2) "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қыркүйектегі N 691 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2001 ж., N 32, 421-құжат; 2002 ж., N 44, 436-құжат; 2003 ж., N 45, 487-құжат) :

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығын беру жөніндегі комиссияның дербес құрамына енгізілсін:

Әбдікәрімов Оралбай - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, төраға,

Тілеубердин Алтай Абылайұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы, төрағаның орынбасары,

Комиссия мүшелері:

Оразалин Нұрлан Мірқасымұлы - Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы (келісім бойынша),

Сұлтанов Қуаныш Сұлтанұлы - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы (келісім бойынша);

мына жол:

"Қалетаев Дархан Аманұлы - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі"

мынадай редакцияда жазылсын:

"Қалетаев Дархан Аманұлы - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Ішкі саясат басқармасының Әлеуметтік-саяси бөлімінің меңгерушісі";

аталған Комиссияның құрамынан И.Н.Тасмағамбетов, А.С.Павлов, М.А.Құл-Мұхаммед шығарылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 29.08.2016 № 312 Жарлығымен.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК